



ҚАУЛЫСЫ

09.04.2021ж. №8
Талдықорған қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Талдықорған

**Алматы облысының аумағында
карантин режимі және кейбір шектеу
шараларын күшейту туралы**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 104-бабының 2-бөліміне, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы», 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» 2021 жылғы 25 наурыздағы №12 «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» қаулыларына сәйкес, Қазақстан Республикасы, оның ішінде Алматы облысының аумағында COVID-19 коронавирустық инфекциямен сырқаттану жөніндегі, эпидемиологиялық жағдай туралы материалдарды қарап, соңғы 7 күнде Алматы облысының 100 мың тұрғынына шаққанда жағдай саны – 90,2, R саны – 1,15 құрады. **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы облысында карантинді жалғастыру және кейбір шектеу шараларын енгізу. Карантин режимі мен мерзімдері «COVID-19» коронавирустық инфекциясының таралуы бойынша жағдайдың өзгеруіне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

2. Облыс аудандары мен қалаларының әкімдері, облыстық полиция Департаменті, Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы және Алматы облысының Кәсіпкерлер палатасы келесі қызметтердің тоқтатылуын қамтамасыз етсін:

2.1 толтырылуы 50%-дан жоғары, соның ішінде залдарда 30 орыннан жоғары қоғамдық тамақтану объектілері, банкет залдарының қызметіне тыйым салынады.

2.2 барлық меншік нысанындағы мектепке дейінгі ұйымдар, 15 адамнан жоғары емес кезекші топтарды қоспағанда;

2.3 балалардың сауықтыру лагерлері;

2.4 балалардың ойын-сауық орталықтары (ойын алаңдары), аттракциондар, оның ішінде үй-жайда және ашық ауада (батуттар, саябақтар мен алаңдарда велосипедтер мен электр самокаттарын жалға алу, жануарларға міну);

2.5 ойын-сауық объектілері, оның ішінде түнгі клубтар, кальян, көрмелер, букмекерлік кеңселер, караоке, PS-клубтар, боулинг-орталықтар, лото-клубтар, компьютерлік клубтар, цирктер, бильярд залдары;

2.6 театрлар, кинотеатрлар;

2.7 облысаралық/қалааралық/ауданаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдау қозғалысы;

2.8 қалааралық/ауданаралық тұрақты автобустардың (шағын автобустардың) қозғалысы;

2.9 спорттық іс-шараларды, оның ішінде аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі чемпионаттарды, жарыстарды өткізуге тыйым салынады;

2.10 білім беру орталықтарынан басқа, секциялар мен үйірмелер, оның ішінде спорттық, би, гимнастикалық және тағы басқалар;

2.11 мәдениет объектілері (мұражайлар, мәдениет үйлері, концерт залдары және т. б.);

2.12 құрылыс материалдарын, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сататын объектілерден басқа, ауданы 2000 шаршы метрден асатын азық-түлік емес дүкендер (жеке тұрған);

2.13 қашықтықтан оқыту нысанын (онлайн) қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта және жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттерін дәстүрлі форматта оқытуды тоқтата тұру;

3. Облыс қалалары мен аудандарының әкімдері, Алматы облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық және бетперде режимін сақтай отырып, қызметке рұқсат беруді, сондай-ақ отыратын орындар санынан артық емес толтырылуын қамтамасыз етсін:

3.1 адамдарды қоғамдық көлікпен тасымалдау қызметін жұмыс уақытын 23.00-ге дейін ұзартумен, қарбалас уақытта автобустар санын көбейту, сондай-ақ жолаушыларды отырғызу/шығару кезінде барлық есіктердің ашылуын қамтамасыз ету;

3.2 әр рейс алдында қоғамдық көлікті, қоғамдық көлік аялдамаларын (күніне кемінде екі рет), жуу және дезинфекциялау құралдарын, қолдана отырып өңдеу жүргізуді.

4. Аудандар мен қалалар, ауылдық округтер әкімдері, полиция департаменті және Алматы облысының басқа да тартылған органдар (ұйымдар) қамтамасыз етсін:

4.1 Қазақстан Республикасы мен Алматы облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің қолданыстағы қаулыларын сақтау бойынша рейдтік тексерулер жүргізу жөніндегі мониторингтік топтардың жұмысын күшейтуді;

4.2 бір отбасы мүшелерінен басқа, 3 адамнан астам топтың орын ауыстыруына тыйым салуды;

4.3 65 жастан асқан азаматтардың көшеге шығуын шектеуді;

4.4 кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз өткізуге тыйым салуды;

4.5 қоғамдық көлікке, таксиге, өнеркәсіптік аумақтарға, ауладағы балалар алаңдарына, азық-түлік және азық-түлік емес базарларға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізу;

4.6 көріністік, салтанатты жаппай іс-шаралады, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, корпоративті, отбасылық іс-шараларды (еске алу, банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, ауызашар), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге тыйым салуды.

4.7 Жерлеу рәсімдерін жақын туыстарының қатысуымен 15 адамнан артық емес жүргізу.

5. Алматы облысының «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ мен «Қазпочта» АҚ бойынша филиалы қамтамасыз етсін:

5.1 Халыққа қызмет көрсету орталықтарының (оның ішінде арнайы ХҚКО, Call орталықтар, Ореп Талдықорған сервис) кезегін алдын ала брондау бойынша жұмысы (сайтта Egov.kz, телеграмм-бот EgovKZBot2.0 коллцентр 1414) жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, демалыс күндері сағат 9.00-ден 15.00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді (бетперде, қашықтықты сақтай отырып), онлайн форматта максималды қызмет көрсету;

5.2 «Қазпочта» АҚ Алматы облыстық филиалы бөлімшелердің онлайн көрсетілмейтін қызметтер үшін жұмыс күндері жұмыс кестесін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін белгілей отырып, үй-жайларындағы әлеуметтік қашықтық белгілері 2 метрден кем емес және күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, қызметкерлердің халыққа бір реттік қолғаптар мен медициналық бетпердеде қызмет көрсетуін, пошта хат-хабарларымен (хаттар, сәлемдемелер және т.б.) байланысты жұмыстарды жеке қорғану құралдарымен (халат, медициналық бетперде, қолғаптар) жүргізуін қамтамасыз етсін.

6. Аудандар мен қалалардың, ауылдық округтердің әкімдеріне туризм субъектілеріне (объектілеріне), оның ішінде демалыс үйлеріне (базаларға, аймақтарға), туристік базаларға, санаториялық-курорттық ұйымдарға, ұлттық табиғи парктерге, ыстық бұлақтардағы демалыс аймақтарына толымдылығы 80%-дан аспайтындай, күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық және бетперде режимін сақтай отырып, қызмет етуге рұқсат беру:

6.1 ерекше қорғалатын табиғи аумақтар: мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, қорықтар, резерваттар және басқалар (жеке бару немесе бір отбасы мүшелері үшін, кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, бетпердемен жүру ұсыналады);

6.2 объектілер аумағына кіру кезінде дезинфекциялық тосқауылдар мен тоннельдер орнатуды;

6.3 демалушылардың барлық болу және демалу уақытында объектілердің аумағынан тыс жерлерге шығуына тыйым салуды;

6.4 әр рейстен кейін автокөлікті дезинфекциялауды ұйымдастыру және жүргізушілердің гигиенасына жағдай жасауды;

6.5 COVID-19-ды жоққа шығармайтын белгілері бар тұлғаларды ерте анықтау мақсатында, қызметкерлер мен демалушыларды күнделікті бақылауды;

6.6 100 орыннан астам объектіде медицина қызметкерінің штатын (немесе келісім-шарт бойынша), изоляторы бар медициналық пункттерді қарастыру;

7. Облыс аудандары мен қалаларының әкімдері, Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы және Алматы облысының Кәсіпкерлер палатасы күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық және маскалық режимді, сондай-ақ әлеуметтік арақашықтықты сақтай отырып, қызметке рұқсат беруді қамтамасыз етсін:

7.1 діни объектілер (мешіт, қасиетті орындар және шіркеу), ұжымдық (құдайға құлшылық ету, ауызашар) іс-шараларды өткізбей, ашық ауадағы кешкі намазды (тарауих) және жұма намазын қоспағанда, кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтаумен;

7.2 қоғамдық тамақтану объектілерінің (мейрамханалар, дәмханалар, барлар, асханалар, банкет залдарынан басқа) үй-жайларында толтырылуы 50% - ға дейін, бірақ 30 отыратын орыннан артық емес, ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, жұмыс күндері сағат 09:00-ден 20:00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне тыйым салынады, тек шығару және жеткізу жұмыстарына уақыт бойынша шектеусіз рұқсат етіледі. Осы қаулыда белгіленген жұмыс уақыты өткеннен кейін келушілердің ас залында болуына тыйым салу. Бұл ретте ұжымдық, салтанатты, отбасылық және басқа да бұқаралық іс-шараларды өткізуге қатаң тыйым салынады (еске алу, корпоративтер, банкеттер, тойлар, туған күндер, мерейтойлар, шығарып салу, құдалық, беташар және т. б.). Қоғамдық тамақтану объектілерінде кальян қолдануға тыйым салуды. Ғимараттардың (үй-жайлардың) ішіндегі фудкорттардың жұмыс істеуіне тек тұтынушыларға дейін алып шығуға және жеткізуге рұқсат етіледі;

7.3 ҚР БМСД №67 "Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы" қаулысының (бұдан әрі – ҚР БМСД №67 қаулысы) талаптарын сақтай отырып, өнеркәсіптік, өндірістік кәсіпорындар, құрылыс компаниялары (құрылыс салушылар), ашық ауадағы құрылыс жұмыстары;

7.4 ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, алдын ала жазылу бойынша халыққа байланыссыз қызметтер көрсету жөніндегі объектілердің (авто жуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательесі, кір жуу орындары, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтер және басқалар) қызметі;

7.5 жұмыс және демалыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, бизнес-орталықтардың (кредиттік серіктестіктердің, микроқаржы ұйымдарының, сақтандыру компанияларының, нотариустың, бухгалтердің және консалтингтің, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктің, жарнама агенттіктерінің, сот орындаушыларының және т. б.), екінші деңгейдегі банктердің, айырбастау пункттерінің, ломбардтардың жұмысын ұйымдастыру;

7.6 ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын, аймақтарға бөлу талаптарын және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, меншік нысанына қарамастан медициналық орталықтардың қызметі (алдын ала жазылу бойынша);

7.7 азық-түлік дүкендері, минимаркеттер ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып;

7.8 жұмыс кестесі сағат 09:00-ден 22:00-ге дейін супермаркеттер, гипермаркеттер;

7.9 сауда-логистикалық орталықтар, қоймалар, олардың жұмысын қамтамасыз ететін тұлғалар мен ұйымдар;

7.10 ауданы 2000 шаршы метрден аспайтын азық-түлік емес дүкендер (жеке тұрған), оның ішінде құрылыс дүкендері, көлік құралдарының қосалқы бөлшектерін және саяжай мүкәммалын сататын дүкендер, оптикалар (дүкендер), фотосалондар, гүл дүкендері, үй жануарлары дүкендері;

7.11 ашық, жабық, азық-түлік және азық түлік емес базарлары толымдылығы 30%-дан аспайтын, кіре берісте термометриямен, жұмыс кестесі сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмыс істеуге тыйым салынады.

7.12 Толымдылығы 80%-дан аспайтындай халықтың тұруы бойынша қызмет көрсету саласындағы объектілер (қонақ үйлер, отелдер);

7.13 ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, мектепке дейінгі балалар ұйымдарындағы кезекші топтар (топта 15 адамнан артық емес);

7.14 ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, сауда ойын-сауық орталықтарының, сауда нысандарының толтырылуы 30%-дан аспаған жағдайда және 1 келушіге 4 ш. м. есебінен жұмыс күндері күндері сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері 500 шаршы метрден астам сауда объектілерінің (құрылыс материалдарын, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сататын объектілерден басқа) қызметіне, сауда объектілерінің ішіндегі азық-түлік бөлімдерін және дәріханаларды қоспағанда, тыйым салынады. Алып кету және жеткізу жұмыстарына уақыт шектеусіз рұқсат етіледі; Ойын алаңдарының жұмысына тыйым салынады.

7.15 ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, топтың толтырылуы 15 адамнан аспайтындай, алдын ала жазылуымен балалар кабинеттері/түзету орталықтары, балалар және ересектер білім беру орталықтары;

7.16 келушілерді тек медициналық бетперде киюге рұқсат беруді қамтамасыз ете отырып косметологиялық қызметтер, маникюр және педикюр қызметтерін көрсететін сұлулық салондары, шаштараздар (алдын ала жазылу бойынша, 1 келушіге 4 ш. м. есебінен, ауысым бойынша жұмыс);

7.17 алдын ала жазылу бойынша моншалар, сауналар, СПА орталықтары, бассейндер толымдылығы 50% - дан аспайтын, жұмыс кестесі сағат 08:00-ден 22:00-ге дейін; Сенбі және жексенбі күндері сауналардың, СПА-орталықтардың, бассейндердің жұмысына тыйым салынады;

7.18 5 адамнан аспайтын жеке топтық жаттығулар;

7.19 ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың);

7.20 «Балдәурен Республикалық оқу-сауықтыру орталығы» РМҚК;

7.21 Келесіні қоспағанда, барлық меншік нысанындағы орта білім беру объектілерін қашықтықтан (онлайн) оқуға ауыстыру:

- контингенті 300 оқушыға дейін қалалық және ауылдық мектептерде сыныптардағы балалар саны 25 адамға дейін дәстүрлі форматта оқытуға;

- жалпы білім беретін мектептерде 1-ден 5-сыныпқа дейін қоса алғанда, кезекшілік сыныптардағы балалар саны 15 адамға дейін, халықаралық мектептерде 1-ден 7-сыныпқа дейін қоса алғанда;

- оқу бітіретін сыныптар (9, 11 (12) сыныптар) үшін аптаның 6 күні ішінде аралас оқытуға: пәндердің 70%-ын штаттық режимде, 30%-ын қашықтықтан

оқытуға (сыныпта 15 адамнан артық емес, әлеуметтік қашықтықты сақтау, 1 сынып – 1 кабинет қағидаты бойынша оқыту, санитариялық-дезинфекциялық режимді, маска режимін күшейту);

- білім беру мекемесі әкімшілігінің шешімі бойынша сабақтан тыс уақытта 15 адамнан аспайтын топтарда оқушыларды жеке оқытуға рұқсат беруді;

- қызметін қайта бастаған оқу орындары асханаларының жұмысына рұқсат беруді (залды толтырудың 30% - нан артық емес);

7.22 ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, спорткешендер, спорттық-сауықтыру орталықтары, фитнес орталықтары, тренажер залдарын (орталықтарының), келушілерді алдын ала жазу бойынша. Сенбі және жексенбі күндері жұмысына тыйым салынады;

7.23 казино, залда 30-ден аспайтын орын орната отырып, кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтаумен рұқсат бере отырып, жұма, сенбі және жексенбі күндері қызметіне тыйым салынады;

8. Карантиндік шаралар кезінде жұмыс істейтін мемлекеттік органдар (ұйымдар, кәсіпорындар), сондай-ақ меншік нысанына қарамастан кәсіпкерлік субъектілері мынадай санитариялық және дезинфекциялық режимдерді сақтауы қажет:

8.1. Азаматтардың «қарбалас уақытта» аялдамаларда және қоғамдық көлікте жаппай жиналуына жол бермеу мақсатында:

– барлық мемлекеттік кәсіпорындар, органдар мен ұйымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес дифференцирленген жұмыс кестесін енгізсін;

– ірі кәсіпкерлік субъектілеріне, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарға, органдар мен ұйымдарға жұмыскерлерінің жылдық орташа саны 250 адамнан асатын жұмыс уақытынан кейін жұмыскерлерді тасымалдау үшін қызметтік автокөлікті пайдалану ұсынылады;

8.2. қызметкерлердің кемінде 80%-ы қашықтықтан жұмыс істеу нысанында қалдырылады (штаттық кестеде 15-дан астам қызметкер болған жағдайда);

8.3. маскаларды, қолғаптарды кию және антисептиктерді пайдалану жөніндегі талаптарды қатаң сақтау. Халыққа қызмет көрсететін объектілерді уақтылы ауыстыру үшін бір рет қолданылатын маскалармен және қолғаптармен және температураны өлшеуге арналған бұйымдармен қамтамасыз ету;

8.4. барлық объектілерде күшейтілген дезинфекциялық режимді қамтамасыз ету (қолды өңдеуге арналған санитайзерлер, дезковриктер орнату, бетін күніне кемінде екі рет өңдеу, дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып үй-жайларды ылғалды жинау, желдету), сондай-ақ жексенбі күндері барлық үй-жайларды және оған іргелес аумақты тазалау және дезинфекциялау жүргізу;

8.5. үй-жайларда келушілердің әлеуметтік қашықтығын 2 метрден кем емес таңбамен белгілеу;

8.6. ҚР БМСД № 67 қаулысының талаптарына сәйкес қызметкерлер мен келушілердің санитарлық-карантиндік және шектеу шаралары талаптарының сақталуын қамтамасыз етсін.

9. Алматы облысының тұрғындары мен қонақтарына:

9.1. 5 жасқа дейінгі балаларды, сондай-ақ қоғамдық тамақтану орындарында тамақтану жағдайларын қоспағанда, үй-жайларда, қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікте маска режимін және кемінде екі метр әлеуметтік қашықтықты сақтау;

9.2. адамдарды шақыруға және топтастыруға байланысты кез келген іс-шараларды (туған күндері, мерейтойлар, тойлар, еске алу және т. б.) өткізуге тыйым салу);

9.3. бір отбасы мүшелерін қоспағанда, 3 адамнан аспайтын топтармен саябақтарға, скверге және жағалауларға баруға рұқсат етіледі;

9.4. ашық ауада жеке және топтық жаттығуларға рұқсат етіледі (5 адамнан артық емес);

9.5. респираторлық инфекцияның алғашқы белгілері пайда болған кезде (мұрынның ағуы, түшкіру, температура) жедел медициналық көмекті 103 нөмірі бойынша шақыру арқылы медициналық ұйымдарға бармай-ақ, үйде дереу медициналық көмекке жүгіну.

10. Алматы облысының полиция департаменті қамтамасыз етсін:

10.1 карантиндік және шектеу шараларын бұзушылықтар анықталған кезде өз құзыреті және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде дереу шаралар қабылдауды, сондай-ақ осы фактілерді алдын алу мақсатында БАҚ-та кеңінен жария етуді қамтамасыз ету;

10.2 қоғамдық орындарды патрульдеу бойынша шараларды күшейту, бұқаралық іс-шараларды (корпоративтер, үйлену тойлары, еске алу және т.б.) өткізуді болдырмау үшін қоғамдық тамақтану объектілеріне ерекше назар аудару, жоғарыда көрсетілген талаптарды бұзу немесе орындамау анықталған жағдайда дереу тиісті әкімшілік шараларды қабылдауды.

11. Әуежайлардың, теміржол және автовокзалдардың басшылары қамтамасыз етсін:

11.1 үй-жайларда, сондай-ақ қоғамдық орындарда медициналық маскаларды міндетті түрде кию;

11.2 кемінде 2 метр қашықтықты сақтау;

11.3 ғимаратқа кіре берісте, сондай-ақ дәретханаға барғаннан кейін санитайзерлерді пайдалану;

11.4 келетін және кететін жолаушылар үшін жеке дәліздерді пайдалану;

11.5 ғимараттарға шығарып салушыларды және қарсы алушыларды жібермеу, шығарып салушыларды және қарсы алушыларды кемінде 2 метр қашықтықты сақтау;

11.6 әрбір рейстен кейін көлік құралдарының, оның ішінде әуе кемелері мен ТЖ құрамдарының салонын дезинфекциялау;

11.7 жолаушыларды түсіруге және отырғызуға тартылған әуежайдың және теміржол вокзалдарының барлық үй-жайларын, терминалдарын ылғалды жинау және дезинфекциялау.

12. Облыстың ішкі саясат басқармасы және бұқаралық ақпарат құралдары:

12.1 қызметі тоқтатылған және рұқсат етілген объектілерді ақпараттық арналар, бейінді қауымдастықтардың қатысуымен бейнеконференциялар өткізу, қажетті ақпаратты ресми веб-ресурстарда орналастыру арқылы хабардар ету;

12.2 үй жағдайында халық арасында COVID-19 таралуының алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын, жеке профилактика шараларын және ауру болған жағдайда мінез-құлық тактикасын күшейтуді жалғастыру;

12.3 ресми көздерден халық үшін шынайы ақпаратты орналастыру (coronavirus2020.kz. anti-corona.kz, Үкіметтің, Денсаулық сақтау министрлігінің және әкімдіктердің ресми сайттары).

13. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің (объектілердің) басшылары, барлық жеке және заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері, жеке кәсіпкерлер, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, барлық меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан:

13.1 осы қаулының талаптарын қатаң орындау;

13.2 ҚР БМСД №67 қаулысында көрсетілген алгоритмдерге сәйкес, жинау мен дезинфекция жүргізудің күндізгі кестесін әзірлеу, бірақ жұмыс ауысымына 2 реттен кем емес;

13.3 жексенбі күндері үй-жайлар мен іргелес аумақты күрделі жинау және дезинфекциялау жүргізу;

13.4 қызмет көрсету (сұлулық салондары, шаштараздар, косметология, химиялық тазалау, кір жуу, оргтехникасын жөндеу және т.б.) және қоғамдық тамақтану саласындағы объектілерге келушілер көп жиналатын жерлерде ауаны зарарсыздандыру аспаптарын (экрандалған бактерицидті сәулелегіштер, рециркуляторлар) орнату ұсынылады.»

14. Алматы облысының аудандары мен қалаларының ведомствоаралық комиссиялары, облыстың аудандары мен қалаларының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлері ведомстволық бағынысты аумақтардағы эпидемиологиялық жағдайға және COVID-19 ауруының өсуіне байланысты карантиндік шараларды қатаңдату бойынша өзге де іс-шараларды қабылдауға құжылы.

15. Осы қаулыны барлық мүдделі органдардың, ведомстволардың назарына жеткізілсін, халықты БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етсін.

16. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

17. Осы қаулы күшіне енген сәттен бастап Алматы облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің м.а. «Алматы облысының аумағында карантин режимі және кейбір шектеу шараларын күшейту туралы» 2021 жылғы 25 наурыздағы №6, «Алматы облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Алматы облысының аумағында карантин режимі және кейбір шектеу шараларын күшейту туралы» 2021ж.25 наурызындағы №6 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 29 наурыздағы №7 қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

18. Осы қаулы 2021 жылы 12 сәуірде 07 сағат 00 минуттан бастап күшіне енеді.

**Алматы облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Е.Сыдыманов